

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



Профессор А.А.Молдажанованы еске алуға арналған «XXI ғасырдағы педагогикалық білім беру: басымдықтар мен ізденістер» тақырыбындағы халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдарының

ЖИНАҒЫ
7 - қазан, 2022 ж.

Астана, 2022

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



Профессор А.А.Молдажанованы еске алуға арналған «XXI
ҒАСЫРДАҒЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ: БАСЫМДЫҚТАР
МЕН ІЗДЕНІСТЕР» тақырыбындағы Халықаралық ғылыми-
практикалық конференция материалдарының

ЖИНАҒЫ

7 - қазан, 2022 ж.

СБОРНИК

материалов Международной научно-практической конференции
«ПЕДАГОГИЧЕСКОЕ ОБРАЗОВАНИЕ В XXI ВЕКЕ: ПРИОРИТЕТЫ И
ПОИСКИ» посвященная памяти профессора А.А.Молдажановой
7-октября, 2022 г.

COLLECTION

Collection materials of the International scientific and practical Conference
«PEDAGOGICAL EDUCATION IN THE XXI CENTURY: PRIORITIES AND
SEARCHES» dedicated to the memory of professor A.A.Moldazhanova

October -7, 2022 y.

Астана, 2022

ӘӨЖ 37.0
ББК 74.00
П 82

Редакция алқасы:

Ж.Д.Курманғалиева - Басқарма мүшесі - Ғылым, коммерциаландыру және интернационалдандыру жөніндегі проректор, **Б.Ж.Сомжүрек** - «Әлеуметтік ғылымдар» факультетінің деканы, **М.П.Асылбекова** - «Педагогика» кафедрасының меңгерушісі, п.ғ.к., профессор м.а.; **Б.П.Сейітқазы** - п.ғ.д., профессор; **Қ.Т.Атемова** - п.ғ.д., профессор; **Т.С.Сламбекова** - п.ғ.к., профессор м.а.; **С.С.Байсарина** - п.ғ.к., доцент; **Н.П.Албытова** - п.ғ.к., профессор м.а.; **Махадиева А.К** - PhD., **Балтабаева Ж.Б.** - магистр, **Қуатов А.К.** - магистр.

ISBN 978-601-337-713-1

Жинақта Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, «Профессор А.А.Молдажанованы еске алуға арналған «XXI ғасырдағы педагогикалық білім беру: басымдықтар мен ізденістер» тақырыбындағы Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының Пленарлық мәжілісінде және «Профессор А.А.Молдажанова және қазақстандық білім беру жүйесінің дамуы», «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобаны жүзеге асыру - Жаңа Қазақстанды дамытудағы басым бағыт», «Білім берудің ғаламдық мәселелерін шешуде адами ресурстардың бірігуі» деп аталатын секция жұмыстары бойынша тыңдалған баяндамалар қамтылды. -587 бет.

ӘӨЖ 37.0
ББК 74.00
П 82

ISBN 978-601-337-713-1

«Профессор А.А.Молдажанованы еске алуға арналған «XXI ғасырдағы педагогикалық білім беру: басымдықтар мен ізденістер» тақырыбындағы Халықаралық ғылыми-практикалық конференция.

@Астана, 2022

3. Раджерс Э. Инновация туралы түсінік//Қазақстан мектебі, №4, 2011. Әлеуметтік әріптестік жағдайында техникалық және кәсіптік білім беру. Білім беру мекемесі басшыларының анықтамалығы. - №2 (26). – 2013.
4. Шишов С.Е. Понятия компетенции в контексте проблемы качества образования. – Москва, 2017. -200с.
5. Тренерге арналған нұсқаулық. «Назарбаев Зияткерлік мектебі» ДББҰ. -2012. -6-7б.

ӘӨЖ. 378:377.5.

БОЛАШАҚ МАМАНДАРДЫ ДАЯРЛАУДЫҢ САПАСЫН АРТТЫРУДАҒЫ ДУАЛДЫ ОҚЫТУДЫ АРТЫҚШЫЛЫҚТАРЫ

Жумабекова Ф.Н.

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры, п.ғ.к.

Жоғары оқу орындарында мамандар даярлаудың сапасы қоғамның әлеуметтік экономикалық дамуының ағымдық және келешектегі міндеттеріне қаншалықты сай келетіндігімен, яғни біртұтас қоғам мен тұлғаның сұранысын қаншалықты қанағаттандыра алатындығымен анықталады.

Жаңа ғасыр қоғамымыздың білім беру жүйесіне жаңалықтарын ала келумен қатар, оның алдына келелі міндеттер жүктеп отыр. Сол міндеттердің бірі – жоғары мектепте болашақ мамандарға сапалы білім беру мен олардың практикалық дайындығын қамтамасыз ететін дуалды білім беру жүйесін оқыту үдерісіне ендіру. Болашаққа жаңаша бағыт алған мемлекетіміздің өзін өзгелерге мойындатуы әрі ұлттық әлеуетін байқататын бірден-бір көрсеткіш – білім сапасы. Бүгінгі бәсекелестік дәуірінде білім алушыларды еліміздің белсенді азаматы, жеке тұлға етіп қалыптастыру және таңдаған мамандығы арқылы «тұлға» ретінде қалыптасып, кәсіби маман болуына ықпал жасау жоғары оқу орындарының аса маңызды мәселелерінің бірі. Бұл мәселені жүзеге асыруға мүмкіндік беретін, отандық білім беру саласында жаңалық болып отырған дуалды оқыту жүйесі.

Дуалды- оқыту жүйесі Қазақстанның өзінің стратегиялық мақсаттарына жетудегі табысының ажырамас құрамы екенін мемлекет басшысы кезекті Жолдауында тағы бір айқындап берді. Білім берудің бүкіл жүйесін еңбек нарығында сұранысқа ие білікті мамандар қалыптастыруға бағыттағанымыз жөн, - деп жоғары кәсіптік білім беру жүйесінде мамандарды дайындауда еңбек нарығының сұраныстарын қанағаттандыратын білікті мамандарды дайындау қажеттілігін атап өтті [1].

Бүгінгі таңда еңбек нарығында жоғары білікті мамандар тапшылығы ерекше орын алуда. Қалыптасқан жағдайдың негізгі себепшісі білім беру үрдісін ұйымдастыру және жүйедегі мәселелер, яғни жас маманның бойынан табылуға тиісті тәжірибелік дағды, білім мен тәжірибені талап ететін нақты өндірістік жағдайлардан теориялық білім берудің алшақтап кетуі болып табылады. Қалыптасқан жағдайда теория мен практиканың арасындағы алшақтықты жою

мәселесімен жұмыс берушіге күресуге тура келеді, себебі білікті мамандармен қамтамасыз ету – бұл жетістікке қол жеткізудің кепілі. Мұндай жағдайда жас мамандардың оқу үрдісінде алған білімдерін жүзеге асыру жоспарланатын кәсіпорын қызметінің ерекшелігін ескере отырып, қосымша оқу, тәжірибеден өту, қайта даярлау қажеттілігі туындайды.

Қазіргі кезде әлемде оқыту жүйесі-техникалық және кәсіптік мамандар даярлаудың ең тиімді жолдарының бірі болып табылады. Нақты өндіріс жағдайларына бейімделген, жұмыс орнында дағды мен білімді тікелей игеруге бағытталған, практикалық сағаттардың оқыту бағдарламасына барынша үйлесіммен біріктірілетін білікті мамандарды дайындау қазіргі кезде дуалды оқыту жүйесі негізінде жүзеге асырылуда. Оның ерекшелігі сол кәсіптік оқыту үдерісінің басым бөлігі оқу орнында емес, білім беру ұйымдарында педагогикалық, психологиялық және диплом алдындағы тәжірибелерден өтеді [3].

Дуалды оқыту жүйесінің негізгі мақсаты – жоғары оқу орындарының жұмыс беруші жеке сектордағы өндіріс, шаруашылық, білім беру ұйымдарымен серіктестік ретінде бірлесе отырып, нарық заманында бәсекелестікке төтеп бере алатын, жаңа инновациялық-технологиялық бағдарламаларды меңгеруге дайын мамандар даярлау.

Бұл жүйе маман даярлауда өндіріс, білім алушының және мемлекеттің мүдделерін біріктіруге бағытталған кәсіптік білім берудің түрі. Бұл өндіріс орны үшін экономикалық жағынан тиімді. Маманды қайта даярлауға, жұмыс орнына бейімдеуге уақыт кетпейді. Білім алушы жастар үшін өмірдегі өз орнын ерте табуға мүмкіндік туады, жұмысқа ерте араласып, бейімделеді [2].

Бүгінгі күннің болмысы кәсіби білім жүйесі алдында еңбек нарығында бәсекеге қабілетті білікті мамандар даярлау, өз мамандықтарын жетік меңгерген, өз мамандығы бойынша тиімді жұмыс жасауға қабілетті, тұрақты кәсіби өсуге дайын, әлеуметтік және оңтайлы кадрларды даярлауды талап етеді. Осыған байланысты қойылған басты міндет - мемлекеттік құрылымдардың күшін біріктіру, жұмыс берушілер мен оқу орындарын облыстық, қалалық, республикалық деңгейдегі ірі қалалардағы білім беру ұйымдарын және кәсіпорындар мен өнеркәсіптерді білікті мамандармен қамтамасыз етуге жұмылдыру.

Болашақ педагог мамандарды даярлаудың сапасын арттырудағы – дуалды оқытудың негізгі *артықшылықтары* бар. Олар:

Біріншіден, түлектердің жұмысқа орналасу көрсеткіші жоғары болады, себебі оқу барысында өндіріспен тығыз байланыста болған студенттер жұмыс берушінің айтқан талаптарын игеріп, меңгерген тәжірибесі бар маман болады.

Екіншіден, жақсы білімді, болашақ маман психологиялық жағынан жаңа ортаға бейімделген дайын маман болып шығады. Білім беру ұйымдарында қызмет жасауда өздігінен шешім қабылдай алады. Теория мен тәжірибені меңгеріп, бекітілген жұмысқа деген жауапкершілік сезімі жоғарылайды. Білім беру ұйымдарында болғандықтан ұжыммен жұмыс жүргізуге және өндірістегі жұмыстарды алып кетуге қабілетті болады.

Үшіншіден, «тәжірибеден теорияға» қағидамен жұмыс жүреді, студент теориялық, яғни мәтінмен айтудан гөрі, өндірістегі жағдаяттарға сәйкес жұмыс жүргізеді. Теорияда қиындау келетін терминдер мен заңдылықтарды, қағидаларды, шарттарды тәжірибе жүзінде шешеді.

Төртіншіден, студент тек теорияны ғана меңгермей, өндірістегі соңғы жаңалықтарды біліп, заманауи талаптарды меңгереді. Жоғарыда аталған мәселелердің барлығы дуалды білім беру технологиясы енгізіліп, жүзеге асқан кезде қол жеткізетін нәтижелер. Қалыптасқан жағдайда білім беруді тек теориялық тұрғыдан ұйымдастыру жеткіліксіз, яғни жас маманның педагогикалық мамандықтарға бейімделіп, білім беру ұйымдарында машықтанудан толық кәсіби шеберлігін шыңдап, күзиреттілігін дамытуға жағдай жасау өзекті мәселе. Жұмыс берушінің студенттерге берген бағасы дайындалған маманның біліктілігінен байқалады. Алғашқы күннен бастап ұзақ уақыт білім беру ұйымдарында болған студенттер, өзінің білімі мен ынтасын-ынта ықыласын, мамандыққа қызығушылығын көрсете алады.

Бесіншіден, оқытушы тек қана теорияны ғана меңгермей, білім беру ұйымдардағы соңғы жаңалықтарды біліп, өзгерістерді түсініп, заманауи талаптарды меңгереді. Білім беру бағдарламалары мен оқыту әдістемелері жаңартылады және оны пайдалануда басқару қызметінің маңыздылығына көз жеткізе түседі.

Алтыншыдан, дуалды оқыту үдерісі ең алдымен жеке тұлғаға бағытталып, студенттің шығармашылық іскерлік сапаларын, коммуникативтілігін, әлеуметтенуге бейімділігін, рухани-адамгершілік, мәдениетін қалыптастырады және болашақ мамандардың функционалдық сауаттылығы немесе құзыреттілігі қалыптасады.

Жетіншіден, бюджеттік шығын азаяды, себебі оқуға кеткен шығынның біраз бөлігі білім беру ұйымдарында болғандықтан қызметіне еңбек ақы төленуі мүмкін, іс-әрекетті өздері ұйымдастырып, күнделікті көріп, кәсіби құзыреттілікті игереді және тәжірибелік дағды қалыптастырады [4].

Бұл артықшылықтарды пайдалануға арналған Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Әлеуметтік ғылымдар факультетінің Педагогика кафедрасында 5В010100-«Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту» мамандығының білім алушыларын дуалды оқыту мақсатында №37 «Арман», № 95 «Алматы» балабақшаларымен үш жақты келісім шарт жасалып арнайы зертханалар ашылды.

ЖОО-мен жұмыс берушілермен зертханалардағы бірлескен жұмыстарда студенттерді дуалды оқыту негізінде сапалы дайындауда мынадай мәселелерге басымдық беру көзделуде. Атап айтқанда:

-студенттерді білімнің пәндік саланың мазмұнына терең бойлату және оны санаға тоқу, көкірекке түю, есте сақтау арқылы алған теориялық білімді тәжірибеде тиімді қолдануға жағдай жасау арқылы зерттеп жатқан саласына «ену» тәсілдерін меңгерту;

-

студенттерді беймәлімді тануға ішкі қажеттіліктерін және үдемелі қызығуш

- ылықтарын қалыптастыра отырып оны өз іс-әрекетінде тиімді қолдану;
- студенттердің өзі таңдаған мамандығына шығармашылық сипаттағы ынта-ықыластарын арттыру, мотивациясын зерттеу;
- студенттердің өзіндік жұмысын қалыптастырушы іскерліктер мен дағдыларды анықтау және оны шығармашылықпен, ізденіспен орындау;
- мамандарды кәсіби даярлау сапасына ықпал етуші факторларды бөлу.

Осыған орай жұмыс берушімен жоғары оқу орнының бірлескен дуалды оқытуды енгізуде төмендегідей мақсаттар қойып отырмыз:

Жоғарғы оқу орнының мақсаты:

1. Дүние жүзілік білім кеңестігіндегі озық идеялар мен тәжірибелерді пайдалана отырып жоғары оқу орындарында білім берудің тиімді жүйесін жасақтау. Мектепке дейінгі ұйымдарға арналған арнайы зертханалар жабдықтау.
2. Жұмыс беруші талабына сай оқу жоспарлары мен оқу бағдарламаларын жаңарту, тәжірибелік мүмкіндіктерін кеңейте түсу. Оқыту үрдісіне жаңа және бұрын қолданылған озық әдіс-тәсілдер мен бағыттарды жетілдіре енгізу.
3. Еңбек нарығындағы сұранысқа ие, бәсекеге қабілетті мамандар дайындау және жетекші шетелдік университеттермен, ғылыми орталықтармен ынтымақтастықты кеңейту.
4. Оқу орнының оқу-материалдық базасын заман талабына сай жаңа техникалық, технологиялық лабораториялық жабдықтармен қамтамасыз ету.
5. Оқытушылардың біліктілігін арттыру үшін өндіріске енгізілетін жаңа технологиялар мен жабдықтармен таныстырып отыру мақсатында өндірісте тағылымдамадан өткізу.
6. «Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту» мамандығы бойынша тәрбиеші-педагогтардың даярлаудың жалпыға міндетті стандарттарына негізделген жаңа білім беру бағдарламаларын (БББ) әзірлеуді жалғастыру, бакалавриат, магистратура және PhD докторантура бойынша білім беру бағдарламаларын әзірлеу.
7. Жұмыс берушілермен тығыз байланыста студенттерді білім беру ұйымдарында тәжірибеден өткізіп, бітіруші түлектерді жұмысқа орналастыру мүмкіндігіне ие болу.

Жұмыс беруші мектепке дейінгі ұйымның мақсаты:

1. Оқу орнына қандай және қанша маман дайындау туралы ақпараттар беріп отыру.
2. Оқу орнына маман дайындауға өз талаптарын қою, жаңа тың идеялармен, жаңаша өзгерістермен білім берушілерді таныстыру.
3. Оқу орнымен бірлестікте оқу-материалдық құжаттарды дайындауға қатысады, өз ой-пікірлерін ортаға салу.
4. Студенттерді оқу және білім беру ұйымында тәжірибеден ақылы өткізу мүмкіндігін қарастыру.
5. Студенттерді оқу және педагогикалық, психологиялық, диплом алды тәжірибеден өткізуге жағдай жасау.
6. Оқу орнын бітірушілерді жұмысқа орналастыру мүмкіндігін кеңейту.

7. Болашақ маманның мектепке дейінгі ұйымдардағы машықтандырудан толық кәсіпті игеруіне жағдай жасау.

Студенттердің мақсаты:

1. Теориялық білім мен тәжірибе арасындағы алшақтықты жойып, кәсіби құзіретке негізделген білім алу.
2. Білім сапасын артыру үшін студенттер өмірге және кәсіптік қызметке дайындалуында «Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың жаңа моделін» іске асыруға бағыттайтын кәсіби құзіреттіліктерді меңгеру
3. Білім беру ұйымдарында, өндірісте оқу және педагогикалық және өндірістік тәжірибеден ақылы өту мүмкіндігіне ие болу.

4. Жоғары оқу орнын бітіргеннен кейін жұмысқа орналасу мүмкіндігіне ие болу.

5. Студенттердің қызығушылығы мен балабақшаның сұранысына қарай жұмысқа деген ынтасын ептілігі мен ұқыптылығын арттыру.

Бұл мақсаттарды жүзеге асыруда дуалдық жүйемен оқыту әдістемесі жетілдіріліп, заңды түрде күшіне енгізілсе, жақсы нәтиже береді деп ойлаймын:

1. Дуалдық оқыту жүйесі - оқытудың дәстүрлі түрлері мен әдістерінің негізгі кемшілігін, яғни теория мен тәжірибенің арасындағы алшақтықты жояды, тұлғаның қажетті біліктілік пен еңбек дағдыларына, кәсіби білімге ие болса еңбек нарығында сұранысы жоғарылайды.

2. Жоғары оқу орны, кәсіптік білім беру ұйымдарының бітіруші түлектерін мектепке дейінгі ұйымдарға жұмысқа орналастыруға деген сұраныс көбейіп, халықтың жұмыссыздығы кемиді.

3. Жұмыс берушімен тығыз байланыста жұмыс жасайтын оқу орны болашақ мамандарға қойылатын талаптарды ескеріп отырады. Білім беру ұйымдарының бәсекелесуге қабілеттілігін жоғарылатады.

4. Әлеуметтік серіктестіктер өндіріс талабына сай, білім алушыға қойылатын біліктілік талаптарды дайындауға, кәсіптік стандарттарды, дуалдық оқыту жүйесі бойынша өзгеретін модульдық бағдарламаны, оқу бағдарламасын дайындауға және оқытушыларды тағылымдамадан өткізуге қатысады;

5. Әлеуметтік серіктестіктер мамандар дайындау бойынша мемлекеттік тапсырманы қалыптастыруға қатысады.

6. Студенттердің кәсіби дайындық деңгейін бағалау және біліктілікті тағайындау үшін құзырлы мамандар мемлекеттік емтихан комиссиясы мүшесі ретінде қатысады.

7. Білім алушы дуалды оқыту жүйесінің нәтижесінде белгілі құзіреттіліктерді меңгерген кәсіби дағдыға ие болады.

8. Оқу орнын бітіруші жұмысқа орналасу мүмкіндігіне ие болады [5].

Бұл нәтижеге жетудің жолы негізгі сапалы білім беріп, дұрыс жолға бағыттаушы, студенттердің кәсіби жетілуі үшін қажетті жағдайларды жасаушы-өз мамандығын жетік білетін кәсіби дағдылары педогогикалық дарыны бар жаңашылдыққа ұмытылатын өзіне сын көзбен қарай алатын оқытушылар мен білім беру ұйымдарының кәсіби шеберлері қажет. Білімді

үйреніп басқаларға үйрету-халыққа сапалы қызмет көрсетудің тетігі тәжірибелі, білімді мамандардың қолында. Білгенін басқаларға үйрету үлкен сауапты іс деп ойлаймын. Ол үшін білікті де тәжірибелі тәлімгерлерден өндірістік базасында, жұмыс орнында жұмыстың әдістерін, қыр сырына қанығып, тәжірибелік дағды қалыптастырып, үйреніп сұранысқа ие нағыз өз ісінің шебер иесі болуға тырысу қажет.

Ойымызды қорытындылай келе, дуалдық оқыту бойынша білім алушылардың кәсіби біліктер мен дағдыларды, іскерліктерді тікелей жұмыс орнында меңгеріп, жан-жақты кәсіби дамуына мүмкіндік беріп, түрлі жүйелердің – білім, ғылым, өндірістің – өзара байланысын, өзара әсерін, өзара кірігуін қамтамасыз ету арқылы болашақ мамандардың кәсіби шеберліктерін шыңдап, тәжірибелік дағдыларын қалыптастырып, білім беру жүйесінің сапасын арттыратындығы сөзсіз. Өздері таңдаған мамандықтары бойынша кәсіби дайындығын жоғарылатуға ықпал етеді және оны жан-жақты игеріп, озық технология мен заманауи техника тілін меңгереді. Сондықтан еліміздегі өндіріске қажетті мамандар әзірлеу деңгейін көтеру міндетін әлеуметтік серіктестік, теория мен тәжірибенің үйлесімділігі атқарады. Бұл үйлесімділік дуалды оқыту жүйесінде жан-жақты өрістей алады. Жоғары оқу орындарында дуалдық жүйені енгізуде оқу жоспарларын, оқу процесінің кестесін қайта қараумен, кәсіптік білім беру орындарының материалдық-техникалық базасын жетілдірумен тығыз байланысты. Сонымен қатар, мамандықтар тізімін ұлғайтуға, оқытушылардың біліктілігін арттыруға ден қойылуда. Дуалды оқытудың артықшылықтарын пайдалана отырып тәжірибелік мүмкіндіктерді жетік меңгеріп, өзінің кәсіби саласы бойынша дағдыларын қалыптастырып, білім беру мазмұны мен әдістерін қоғамның және тұлғаның өзгермелі талаптарына сай болуын қамтамасыз етуге қабілетті болуы шарт. Сонда ғана болашақ мамандарымыз сапалы білім алып, отанға деген патриоттық сезімін, еліне деген сүйіспеншілігін артырып, қызмет жолына нық сеніммен қадам басып өз міндеттеріне жауапкершілікпен қарайды деп сенеміз.

Әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасы президентінің 2020 жылғы 1 қыркүйектегі "Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі" атты Қазақстан халқына арналған жолдауы.
2. Тастанбекова Н.Д., Жоғары кәсіптік білім беру жүйесінде дуалды оқыту жағдайында білім алушылардың кәсіби біліктілігін жетілдірудің ғылыми - педагогикалық негіздері 6D012000 – Кәсіптік оқыту Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. Нұр-Сұлтан, 2021
3. Байденко В.И. Жаңа буын жоғары білім берудің мемлекеттік білім беру стандартын жобалаудың қажетті кезеңі ретінде университет түлектерінің құзіреттілік құрамын ашу: Әдістемелік құрал, -М.:Зерттеу орталығы мамандарды даярлау сапасының мәселелері, 2016, 13 б
4. Беркенова Г.С., Молдахметова Г.М. Болашақ мамандардың бәсекеге қабілетті тұлғасын қалыптастырудағы оқытудың инновациялық технологиялары.

Білім берудегі интеграциялық үрдістері: мәселелері және болашағы» атты ғылыми-практикалық конференцияның материалдары. – Қостанай, 2012. – С. 501-504.

5. <https://muegn.ru/kk/literature/monitoring-kachestva-obrazovaniya-v-usloviyah-realizacii-fgos-spo-diplomnaya.html> © muegn.ru

УДК 377

ИННОВАЦИОННЫЙ ПУТЬ РАЗВИТИЯ КАЗАХСТАНСКОГО ОБРАЗОВАНИЯ

Жуматова Н.Ж.

Докторант образовательной программы «Педагогика и психология»
кафедра педагогики

Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Казахстан

Главным преимуществом любого государства в современном мире является – образованное население и высококвалифицированные специалисты. Научные знания, творческий потенциал выступают основой и фундаментом развития и конкурентоспособности нашей страны.

Как мы уже знаем из истории науки, великие открытия в обучении, медицине, физиологии и в других областях знаний были осуществлены в прошлые века. Но прошловековые открытия и знания приобретая новую актуальность - трансформируются и преобразуются согласно новым требованиям благополучного существования и жизнедеятельности населения мира.

Развитие науки и научного мира является ключевым факторам развития государства и безопасности здоровой жизнедеятельности общества. В рамках развития науки в образовательной системе Казахстана на данный момент происходит трансформация, интеграция знаний и переход к инновационному образованию.

Инновация или же нововведения выступает результатом многочисленных поисков, педагогических опытов преподавателей, потребностей общества, в том числе учеников и их родителей.

В переводе с латинского языка «инновация» означает «новшество, изменения и обновление», был введен в научный оборот в XIX веке. Позже в начале XX века возникла наука «инноватика» изучающая новые открытия и нововведения в период производственной научно-технической революции. Инновации в педагогической науке в западных странах начали приобретать свою актуальность с 50-х годов XX века.

Инновация в педагогическом процессе характеризует введение новых целей, методов обучения и воспитания, изменений в содержании и технологии образовательного процесса, организации обучения, формирование совместной деятельности и взаимодействия между преподавателями и обучающимися в целях повышения эффективности.